

М Е М О Р А Н Д У М

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің

«Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Шырағқала-Шабран» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы

арасында мәдени мұра саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы

«___» _____ 2025 ж.

Бұл Меморандумға Әзірбайжан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында 2004 жылғы 1 наурызда қол қойылған «Әзербайжан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы» Бағдарламаға сәйкес қол қойылғанын атап өткен жөн.

«Шырағқала-Шабран» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы, директоры Гүнел Піргулиева және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (қысқартылған атауы: «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық музей-қорығы) «Тараптар» екі ел арасындағы мәдениет саласындағы екіжақты қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуға және кеңейтуге, өз мекемелерінің қызметі туралы ақпаратпен, тәжірибемен алмасуға, көрме жобаларын дайындауда ынтымақтасуға және ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен алмасуға ниеттерін білдіре отырып, достық қарым-қатынастарды тереңдетуге сенім білдіре отырып, келесі шарттар бойынша келісті:

1-бап

Ынтымақтастық бағыттары

Тараптар келесі салаларда бірлескен бастамалар арқылы ынтымақтасады:

1.1. Ғылыми және мәдени жобаларды бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру.

1.2. Мәдениет, тарих, өнер және музей ісі салаларындағы зерттеулердің басым бағыттарын анықтау бойынша кеңес беру.

1.3. Бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, көрмелер өткізу және оларға қатысу.

1.4. Бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын ұйымдастыру; сондай-ақ тарих, өнер, музей ісі салаларындағы материалдар мен нәтижелермен (жетістіктермен) өзара алмасу.

1.5. Бірлескен көрмелер мен басылымдарды ұйымдастыру.

1.6. Тараптардың басылымдарында ғылыми мақалаларды жариялау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

1.7. Жұмыс кездесулерін ұйымдастыру.

1.8. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамадан өту арқылы ғалымдар мен мамандармен алмасу.

1.9. Ғылыми ақпараттармен, құжаттармен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу, сонымен қатар жеке экспонаттар мен жинақтарды көшіру мүмкіндігі.

1.10. Ғылыми ақпараттармен, құжаттамалармен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу.

1.11. Әртүрлі іс-шараларға қатысу және Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалану.

1.12. Мәдени ынтымақтастық екі Тараптың құқығы мен міндеті болып табылады, сондықтан олар бір-бірімен білім және тәжірибе алмасуы керек.

2-бап

Ынтымақтастықты жүзеге асыру

Тараптар осы Меморандумның орындалуын үйлестіруге және қадағалауға жауапты тұлғаларды тағайындайды және бұл туралы екінші Тарапты хабардар етеді. Әрбір жоба бойынша ынтымақтастық келісімдер мен арнайы бұйрықтарға сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады.

3-бап

Қаржылық реттеу

Осы Меморандумды іске асыру үшін қажетті қаражат әрбір Тарап тиісті жылға бөлген жарналардан және заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздерден қалыптастырылады.

Қаржыландыру қайырымдылық және демеушілік жарналар арқылы да қамтамасыз етілуі мүмкін.

Меморандумның 1-бабын іске асыруды ұйымдастыру бойынша шығындар өзара келісім бойынша төленетін болады.

Міндеттемелер мен шығыстарды түпкілікті бөлу әр жағдайда жеке келісімдермен анықталады.

4-бап

Үшінші тұлғалардың қатысуы

Осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шараларға үшінші тұлғалардың қатысуы алдын ала хабарлай отырып, Тараптардың өзара келісімі бойынша реттеледі.

5-бап

Дауды шешу

Осы Меморандумды түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

6-бап

Өзгерістер мен түзетулер

Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

7-бап

Күшіне енуі, мерзімі және тоқтатылуы

Осы Меморандум 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Осы мерзім аяқталғаннан кейінегер Тараптардың ешқайсысы тиісті мерзімнің аяқталуына 6 (алты) ай бұрын Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, Меморандум автоматты түрде келесі 5 (бес) жылдық мерзімге ұзартылады.

Осы Меморандумға 2025 жылғы «__» _____ сегіз (8) түпнұсқа данада әзірбайжан, ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде қол қойылды. Барлық сегіз (8) дана бірдей заңды күшке ие. Мәтіндерді түсіндіруде қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

**«Шыраққала-Шабран»
мемлекеттік тарихи-мәдени
қорығы**



Г.Пиргулиева

«__» _____ 2025ж.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің «Әзірет-
Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени
музей-қорығы» республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**



Н.М.Дукенбаев

2025ж.